

Есептеу әдісіне көшу туралы

Күшін жойған

Хат Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1996 жылғы 11 наурыз N 13-4/1696. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 29 наурызда тіркелді. Тіркеу N 164. Күші жойылды - ҚР Қаржы Министрлігінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 338 бұйрығымен.

"Бухгалтерлік есеп туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар N 2732 Z952732_ Жарлығына сәйкес кірістер мен шығыстарды есепті кезеңге жатқызу есептеу принципі бойынша анықталады: кірістер мен шығыстарды түсу және төлеу уақытына қарамай, олар болған кездегі есепті кезеңде қабылданады.

Егер 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін есептеу принципі шығыстар мен басқа да көрсеткіштерді есептеуде сақталса, 1996 ж. 1 қаңтардан бастап кіріседі есептеуде мұны пайдалану үшін өнім өткізуден (жұмыстан, қызметтен) түскен түсімді анықтау тәсілін өзгерту қажет.

Өнім өткізуден (жұмыстан, қызметтен) түскен түсімді оның мөлшеріне қарай анықтау әдісінен өнім өткізуден (жұмыстан, қызметтен) түскен түсімді тауарды жіберу (жұмысты, қызметті орындау) мөлшеріне қарай анықтау әдісіне көшкен кезде "Жіберілген тауарлар" деген 45 деген тіркелген жіберілген өнімдердің (жұмыстың, қызметтің) 1996 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдығы өнім өткізуден (жұмыстан, қызметтен) түскен түсімге қосылуға тиіс. Сонымен қатар "Өнім өткізу (жұмыс, қызмет)" деген 46-шоттың кредиті бойынша "Сатып алушылар және тапсырыс берушілермен есеп айырысу" атты 62-шотпен хат-хабарларында жіберген өнімдерін (жұмыстың, қызметтің) келісімді бағасы көрсетіледі қызметтің толық нақтылы өзіндік құны немесе нормативті (жоспарлы) өзіндік құн ("Өнім шығару (жұмыс, қызмет)" атты

37-шотты қолданып өнім шығаруды есептеу кезінде ("Жіберілген тауарлар" атты 45-шоттан және "Сауда шығындары" атты 43-шоттан шығарылып, "Өнім (жұмыс, қызмет) көрсету" атты 46-шоттың дебетіне енгізіледі.

Жүргізілген бухгалтерлік жазбаларға сәйкес 1996 жылғы бухгалтерлік баланстың тиісті баптарындағы кіру сальдосын өзгерту қажет.

Министрдің бірінші орынбасары

Бухгалтерлік есеп пен есептеменің

методологиясы, оны ұйымдастыру

және бақылау департаментінің бастығы

Ескерту: Бұйрықтың қазақша мәтіні болмағандықтан орыс тілінде беріліп отыр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК